

Н.М. Оразаева, PhD докторанты¹

А.П. Жакешова*, э.э.к., профессор¹

А.М. Есиркепова, э.э.д., профессор²

М. Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университеті¹

Шымкент қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясы

Шымкент қ. бойынша филиалы²

Шымкент қ., Қазақстан

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: Zhakesh_a@mail.ru

ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІБІ КӘСІПОРЫНДАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

Мақалада тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының нарықтық ортаның өзгеретін жағдайларына тез бейімделуі ерекшеліктері қарастырылады. Мақала авторлары тақырыпты одан әрі дамытуға итермелейтін құбылыстар мен заңдылықтармен байланысты «экономикалық механизмі» ұғымына басты назар аударады. Авторлар салық салынуға дейінгі пайда мен табыстылықты ескере отырып, Қазақстан Республикасының тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындары қызметінің экономикалық көрсеткіштерінің серпініне талдау жасаған. Талдау барысында тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындары табыстылығының өсуін шектейтін факторлар айқындалды: отандық шикізат ресурстарының жеткіліксіздігі; арзан импорттық тауарлардың болуы; нақты даму стратегиясының болмауы; инвестициялық тартымдылықтың төмен деңгейі. Мақалада экономикалық механизм негізінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару алгоритмі ұсынылған: инвестициялық тартымдылықты талдау және бағалау; тұрақты даму стратегиясын әзірлеу; басқарушылық шешім қабылдау. Мақала авторлары тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару үшін экономикалық механизмді қолдану бойынша нақты ұсыныстар берген: корпоративтік құрылымдарды қалыптастыру стратегиясы шеңберінде тоқыма кәсіпорынының инвестициялық тартымдылығының жоспарын әзірлеу; ғылыми негізделген тәсілдерді ескере отырып, баға саясатын жетілдіру; көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесі негізінде тоқыма кәсіпорынының даму стратегиясын бағалау үшін ғылыми-зерттеу орталықтарын құру; кәсіпорынды техникалық қайта жарақтандырудың әртүрлі ұйымдастырушылық-экономикалық нысандарын қолдану.

Кілт сөздер: тоқыма өнеркәсібі, кәсіпорын, шикізат, өнім, стратегия, инвестиция, салық, табыстылық, экономикалық механизм, басқару

Ключевые слова: текстильная промышленность, предприятие, сырьё, продукция, стратегия, инвестиция, налог, рентабельность, экономический механизм, управление

Keywords: textile industry, enterprise, raw materials, products, strategy, investment, tax, profitability, economic mechanism, management

Кіріспе. Қазіргі кезде тоқыма өнеркәсібінің кәсіпорындарына өндірістің ең жоғары ұтқырлығы тиесілі. Әлемдегі жағдайға қарамастан, тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының өніміне деген сұраныс маусым мерзіміне байланысты өзгере береді, бірақ сату көлемін аса жоғалтпайды. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындары көбінесе, өндіріске қажетті шикізаты мол және жұмыс күші арзан дамушы мемлекеттерде шоғырланған. Дамыған елдер сән үлгілері мен жаңа технологияларды үнемі жетілдірумен айналысады. Олар дайын маталарды импорттай отырып,

дайын тоқыма бұйымдарды шығарумен, кейде сол дамушы елдерде өндірістерін де орналастыруы мүмкін.

Осы негізде отандық тоқыма кәсіпорындары арзан импорттық тоқыма өнімдерімен бәсекелеске түсе алмай отыр. Сондықтан олардың біршамасы нарықтан кетуге де мәжбүр болып отыр. Сол себепті отандық тоқыма кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін түбегейлі өзгерістер қажет.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына сәйкес елдің

өнеркәсіптік саясаты отандық кәсіпорындардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру үшін жағдай жасауға бағыттала-тын болады [1].

Нәтижесінде, қалыптасқан жағдай сыртқы және ішкі органның өзгеретін жағдайларына тез бейімделу негізінде, тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ететін тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқарудың жаңа тиімді экономикалық механизмдерін іздеуді талап етеді.

Осыған байланысты тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын тиімді экономикалық механизмдерді қолдана отырып басқару қажеттілігі ерекше өзектілікті болып келеді.

Мақаланың мақсаты тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқарудың экономикалық механизмдерін тиімді қолданудың бағыттарын анықтау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін:

- «экономикалық механизм» ұғымы зерттеледі;
- отандық тоқыма өнеркәсібі талданады;
- тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару үшін экономикалық механизмді қолдану бойынша нақты ұсыныстар беріледі.

Зерттеу әдістері. Мақаланың теориялық және әдістемелік негізін экономикалық механизмге және тоқыма өнеркәсібіне қатысты ғылыми еңбектер құрайды. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде салыстыру және жалпылау әдістері қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын тұрақты дамыту саясатын іске асыру үшін экономикалық механизмдердің маңызы өте жоғары. Оларды тиімді қолдану тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының нарыққа тез бейімделуіне тиімді әсер етеді. Сондықтан «экономикалық механизм» ұғымына ғалымдардың көзқарастарын зерттеп көрейік.

Кульман А. ойынша «егер белгілі бір бастапқы экономикалық құбылыс басқа құбылыстарға әкелсе және олардың пайда болуы үшін қосымша өзгеріс қажет болмаса ғана экономикалық механизм пайда болады. Олар бірінен соң бірі белгілі бір ретпен жүреді және белгілі бір нәтижелерге әкеледі» [2].

Семин А.Н. жалпы алғанда, «экономикалық механизм әртүрлі экономикалық құбылыстар арасында пайда болған өзара байланыс ретінде анықталады деп санайды. Осылайша, экономикалық механизм бастапқы өзгерістің

әсерінен белгілі бір жағдайларда пайда болған өзара байланысты экономикалық құбылыстар жүйесі ретінде ұсынылуы мүмкін» [3].

Бычкова А.Н. «экономикалық механизмді субъектілердің басқару және өзара әрекеттесу тәсілдерінің жиынтығы деп санайды, оның мақсатты функциясы ұтымды басқару және экономиканың дамуында тұрақты заңдылықтарды қалыптастыру болып табылады» [4].

Көріп отырғандай, жоғарыда аталған ғалымдардың пікірінше, «экономикалық механизм» ұғымы субъектіні одан әрі дамытуға итермелейтін құбылыстар мен заңдылықтарға байланысты.

Біздің жағдайда тоқыма кәсіпорыны субъект болып табылады, ал экономикалық механизм ұдайы өндіріс үдерісінің әсер ету факторларына тікелей байланысты.

Дмитриев Ю.А. тоқыма өнеркәсібінің қызметі үнемі өзгеріп отыратын нарық ортасына, теңдестірілген ассортиментке тез жауап беруге, өнім өндіруге жұмсалатын шығындарды азайтуға байланысты деп санайды [5].

В.Н. Яковенконың пікірінше, «тоқыма кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігін арттыру өнеркәсіптік, ғылыми және білім беру әлеуетін пайдалану тиімділігіне тәуелді» [6].

Қазақстандық ғалымдар (Д.К. Дурру, А.М. Есиркепова, П.Т. Байнеева) тоқыма өнеркәсібінің дамуына әсер ететін факторлар қатарына шикізаттың жетіспеушілігі мен сапасының төмендігін, айналым қаражатының тапшылығын, негізгі құралдардың қатты тозуын және тағы басқа факторларды жатқызады [7].

Сонымен, тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару экономикалық механизмді ұтымды қолдануды талап етеді. Ол үшін тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының дамуына әсер ететін факторларды анықтап, оларды реттеудің бағыттарын ұсыну қажет.

Негізгі бөлім. Тоқыма өнеркәсібі кез келген мемлекет үшін әлеуметтік сипаттағы маңызды саланың бірі болып келеді. Өйткені, тоқыма саласының дайын өнімдері халық шаруашылығының қажеттіліктері үшін ғана емес, сонымен қатар қорғаныс өнеркәсібі, құрылыс, медицина және ел үшін өмірлік маңызы бар басқа да салалар үшін қажет. Осыған байланысты бүгінгі таңда саланы экономикалық механизмдер арқылы тиімді басқару керек.

Сол себепті, статистикалық деректерді қол-

дана отырып, 2016-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасындағы тоқыма өнер-кәсібінің экономикалық қызметтерінің өзгерісін қарастырайық (1-кесте).

Кесте 1

«Тоқыма бұйымдарын өндіру» қызметінің экономикалық көрсеткіштерінің 2016-2020 жылдар аралығындағы өзгерісі*

Көрсеткіштер	2016 жыл	2017жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Өндіріс көлемі, млн. теңге	37 601,0	43 489,0	52 594,0	60 238,0	75 997,0
Салық салуға дейінгі пайда (залал), -млн. теңге	1 770,0	1 320,0	711,0	3 998,0	1 800,0
-үлесі (%)	4,7	3,0	1,4	6,6	2,3
Кәсіпорындар саны, бірлік	165,0	164,0	147,0	157,0	153,0
Табыстылық, (%)	3,4	2,6	0,7	5,4	2,9

* Авторлармен [8] негізінде әзірленген

Кестеден көріп отырғанымыздай, тоқыма өнеркәсібінің өндіріс көлемі 2016 жыл мен 2020 жыл аралығында үнемі өсіп келеді. Егерде 2016 жылы 37601 млн.теңге өнім өндірілсе, ал 2020 жылы оның көлемі 75997 млн.теңгеге жеткен. Бұл өз кезегінде өндіріс көлемінің 2 есе өсуіне мүмкіндік берді.

Өндіріс көлемінің өсуі салық салуға дейінгі пайданың өсуіне мүмкіндік бермеді. Бұл экономикалық көрсеткіштің үлесі 1,4% -бен (2018 жылы) 6,6% (2019 жылы) аралығында болып отыр.

Салық салуға дейінгі пайданың аз мөлшері өз кезегінде табыстылық деңгейінің төмендеуіне алып келді (1-сур.).



1-сурет. Қазақстан Республикасында тоқыма бұйымдарын шығаратын кәсіпорындардың өзгерісі*


* Авторлармен [8] негізінде әзірленген

Бәсекелестік жоғарылығы, табыстылық деңгейінің төмендігі тоқыма бұйымдарын шығарумен айналысатын кәсіпорындардың санының азаюына әкелді. Кәсіпорындар саны 2020 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 12 бірлікке, ал 2019 жылмен салыстырғанда 4 бірлікке төмендеді.

Талдау барысында тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындары рентабельділігінің өсуін шектейтін мынадай факторларды көрсетуге болады:

- отандық шикізат ресурстарының жеткіліксіздігі;
- арзан импорттық тауарлардың болуы;
- нақты даму стратегиясының болмауы;
- инвестициялық тартымдылықтың төмен деңгейі.

Аталған факторлардың кері әсерін төмендету үшін экономикалық механизм негізінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару алгоритмі ұсынылады (2-сур.).



2-сурет. Экономикалық механизм негізінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару алгоритмі*

* Авторлармен әзірленген

Суретте ұсынылған басқару алгоритмі тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарына мынадай мүмкіндіктер береді:

- кәсіпорынның нарықтағы қалыпты жағдайын бәсекелестерімен салыстыра отырып анықтап береді;
- өндірістің тікелей нәтижелеріне тәуелді ішкі және сыртқы факторларды есепке алады;
- экономикалық заңдылықтардың (сұраныс мен ұсыныс, пайда мен шығыс, баға қалыптастыру) тиімді қолдануын ескереді;
- тиімді басқарушылық шешімді қабылдайды.

Қорытынды. Сонымен, тоқыма кәсіпорындарын басқару үшін экономикалық механизмді қолдану келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы керек:

- корпоративтік құрылымдарды қалыптастыру стратегиясы шеңберінде тоқыма кәсіпорынының инвестициялық тартымдылығының жоспарын әзірлеу. Ол үшін инновациялық технологиялардың қуатын, шикізаттың сапасын, қаржы ресурстарының болуын, импорттық та-

уарлардың отандық нарыққа әсерін және тағы басқаларды ескеру қажет.;

- ғылыми негізделген тәсілдерді ескере отырып, баға саясатын жетілдіру. Осы негізде алынған бағалар тоқыма өнеркәсібі дамуының тұрақтылығы мен оң серпінін қамтамасыз ететін болады;

- көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесі негізінде тоқыма кәсіпорынының даму стратегиясын бағалау үшін ғылыми-зерттеу орталықтарын құру. Бұл шара тоқыма кәсіпорынының инновациялық қызметінің тиімділігін арттыру, жандандыру және шоғырландыру үшін қажет;

- кәсіпорынды техникалық қайта жарактандырудың әртүрлі ұйымдастырушылық-экономикалық нысандарын қолдану. Тоқыма кәсіпорынының құрылымын тиімді жүргізудің маңызды шарты оны қайта құру, техникалық қайта жарактандыру, технологиялық үдерістерді жетілдіру, түбегейлі жаңа технологияларды құру және пайдалану негізінде өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Национальный план развития Республики Казахстан до 2025 года. Утвержден Указом Президента Республики Казахстан от 15.02.2018 года №636 (Переутвержден Указом Президента Республики Казахстан от 26.02.2021 года №521).
2. Кульман А. Экономические механизмы: Пер. с. фр. / Общ. ред. Н.И. Хрустальной. – М.: Издательская группа «Прогресс», «Универс». – 1993. – 192 с.
3. Семин А.Н. Научные основы формирования экономических механизмов: формы, типы, виды // Агропродовольственная политика России. – 2012. – №5. – С. 5–12.
4. Бычкова А.Н. Экономический механизм: определение, классификация и применение // Вестник Омского университета. Серия «Экономика». –2010. – №4.– С. 37–43.
5. Дмитриев Ю.А. Состояние и перспективы развития легкой и текстильной промышленности // Известия высших учебных заведений. Технология текстильной промышленности. – 2014. – №4 (352). – С. 17-24.
6. Яковенко В.Н. Тенденции и перспективы развития текстильной промышленности депрессивного региона (Ивановская область) // Вестник Волгоградского государственного университета.

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

Сер. 3, Экон. Экол. – 2015. – № 4 (33). – С. 121-129.

7. Дурру Д.К., Есиркепова А.М., Байнеева П.Т. Қазақстан Республикасында тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын мемлекеттік қолдаудың келешектері // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2021. – №4. – 171-176 б.

8. Қазақстан Республикасының өнеркәсібі. 2016-2020 жылдар. – Нұр-Сұлтан: Статистикалық жинақ. – 201 б. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>.

REFERENCES

1. Nacional'nyj plan razvitija Respubliki Kazahstan do 2025 goda [National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025]. Utverzhden Ukazom Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 15.02.2018 goda №636 (Pereutverzhden Ukazom Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 26.02.2021 goda №521) [In Russian].

2. Kul'man A. Jekonomicheskie mehanizmy [Economic mechanisms]: Per. s. fr. / Obshh. red. N.I. Hrustalevoj. – M.: Izdatel'skaja gruppa «Progress», «Univers». – 1993. – 192 s. [in Russian].

3. Semin A.N. Nauchnye osnovy formirovaniya jekonomicheskix mehanizmov: formy, tipy, vidy [Scientific foundations of the formation of economic mechanisms: forms, types, types] // Agroprodovol'stvennaja politika Rossii. – 2012. – №5. – S. 5-12 [in Russian].

4. Bychkova A.N. Jekonomicheskiy mehanizm: opredelenie, klassifikacija i primenenie [Economic mechanism: definition, classification and application] // Vestnik Omskogo universiteta. Serija «Jekonomika». – 2010. – №4. – S. 37-43 [in Russian].

5. Dmitriev Ju.A. Sostojanie i perspektivy razvitija legkoj i tekstil'noj promyshlennosti [The state and prospects of development of the light and textile industry] // Tehnologija tekstil'noj promyshlennosti. – 2014. – №4 (352). – S. 17-24 [in Russian].

6. Jakovenko V.N. Tendencii i perspektivy razvitija tekstil'noj promyshlennosti depressivnogo regiona (Ivanovskaja oblast') [Trends and prospects for the development of the textile industry in the depressed region (Ivanovo region)] // Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Ser. 3, Jekon. Jekol. – 2015. – № 4 (33). – S. 121-129 [in Russian].

7. Durru D.K., Esirkepova A.M., Bajneeva P.T. Kazakstan Respublikasynda tokyma onerkasibi kasiporyndaryn memlekettik koldaudyn keleshekteri [Prospects of state support for textile industry enterprises in the Republic of Kazakhstan] // Kazak ekonomika, karczhy zhane halykaralyk sauda universitetinin zharshysy. – 2021. – №4. – 71-176 b. [in Kazakh].

8. Kazakstan Respublikasynyn onerkasibi [Industry of the Republic of Kazakhstan]. 2016-2020 zhyldar. – Nur-Sultan: Statistikalık zhinak. – 201 b. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> [in Kazakh].

Н.М. Оразаева, А.П. Жакешова, А.М. Есиркепова

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ МЕХАНИЗМЫ УПРАВЛЕНИЯ ПРЕДПРИЯТИЯМИ ТЕКСТИЛЬНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

Аннотация

В статье рассматривается быстрая адаптация предприятий текстильной промышленности к изменяющимся условиям рыночной среды. Авторами статьи основное внимание уделено термину «экономический механизм», который связан с явлениями и закономерностями, подталкивающий субъекта к дальнейшему развитию. Авторами проанализирована динамика экономических показателей деятельности предприятий текстильной промышленности Республики Казахстан с учетом налогооблагаемого дохода и рентабельности. В ходе анализа определены факторы, ограничивающие рост рентабельности предприятий текстильной промышленности: недостаток отечественных сырьевых ресурсов; наличие дешевых импортных товаров; отсутствие четкой стратегии развития; низкий уровень инвестиционной привлекательности. В статье предложен алгоритм управления предприятиями текстильной промышленности на основе экономического механизма: анализ и оценка инвестиционной привлекательности; разработка стратегии устойчивого развития; принятие управленческого решения. Авторами статьи определены рекомендации по применению экономического механизма для управления текстильными предприятиями: разработать план инвестиционной привлекательности текстильного предприятия в рамках стратегии формирования

корпоративных образований; совершенствовать ценовую политику с учетом научно-обоснованных подходов; создать научно-исследовательские центры для оценки стратегии развития текстильного предприятия на основе сбалансированной системы показателей; применить различные организационно-экономические формы технического перевооружения предприятия.

N. Orazayeva, A. Zhakeshova, A. Yessirkepova

**ECONOMIC MECHANISMS OF MANAGEMENT
OF TEXTILE INDUSTRY ENTERPRISES**

Annotation

The article deals with the rapid adaptation of textile industry enterprises to the changing conditions of the market environment. The authors of the article focus on the category of "economic mechanism". Which is associated with phenomena and patterns, pushing the subject to further development. The authors analyzed the dynamics of economic indicators of the textile industry enterprises of the Republic of Kazakhstan, taking into account taxable income and profitability. The analysis identified factors limiting the growth of profitability of textile industry enterprises: lack of domestic raw materials; availability of cheap imported goods; lack of a clear development strategy; low level of investment attractiveness. The article proposes an algorithm for managing textile industry enterprises based on an economic mechanism: analysis and evaluation of investment attractiveness; development of a sustainable development strategy; management decision-making. The authors of the article underlined some recommendations for the use of an economic mechanism for the management of textile enterprises: to develop a plan for the investment attractiveness of a textile enterprise within the framework of a strategy for the formation of corporate entities; to improve pricing policy taking into account science-based approaches; to create research centers to evaluate the development strategy of a textile enterprise based on a balanced system of indicators; to apply various organizational and economic forms of technical re-equipment of the enterprise.

